

Қазақстан Республикасы, 010001, Астана қ., Кенесары к-сі, 51 ВП-4.
Тел.: (7172) 58-04-37, 55-63-33, Факс (7172) 58-04-46,
E-mail: mailbox@kaf.kz, http://www.kaf.kz

Республика Казахстан, 010001, г. Астана, улица Кенесары, 51 ВП-4.
Тел.: (7172) 58-04-37, 55-63-33, Факс (7172) 58-04-46,
E-mail: mailbox@kaf.kz, http://www.kaf.kz

13.09.2016 № 08-02/4219

АО «Казахстанская фондовая биржа»

ЗАЯВКА

Настоящим АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КАЗАГРОФИНАНС" (БИН 991240000043, КАЗАХСТАН, 010000, Астана г.а., Алматинская р.а., ул.Кенесары, д.51, вп-4, тел: (7172) 58-04-37, 58-04-38, факс: (7172) 58-04-46, e-mail: mailbox@kaf.kz, веб-сайт: www.kaf.kz) направляет текст информационного сообщения на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2. Правил размещения на интернет-ресурсах депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи информации о корпоративных событиях, финансовой отчетности и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерных обществ, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 26.

№	№ п.п.	Показатель / Көрсеткіш / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
2.		Информация о выпуске акционерным обществом акций и других ценных бумаг	
		Ақционерлік қоғамның акциялар мен бағалы қағаздарды шығаруы жөнінде ақпарат	
1	1	наименование органа, осуществившего регистрацию выпуска ценных бумаг	Национальный Банк Республики Казахстан
		бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуді жүзеге асырған органның атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
	2	дата регистрации выпуска ценных бумаг	09.09.2016
		бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу күні	
2.	1	вид объявленных к выпуску ценных бумаг	Облигации
		шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың түрі	Облигациялар
	2	Полное наименование объявленных к выпуску ценных бумаг (купонные облигации, простые акции и т.д.)	Именные купонные облигации без обеспечения
		Шығарылған бағалы қағаздарды жариялаудың толық атаулары (купондық облигациялар, қарапайым акция және т.б.)	Қамтамасыз етусіз атаулы купондық облигациялар
	3	количество объявленных к выпуску ценных бумаг, шт.	8 000 000
		шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың саны, дана	
	4	идентификационный код (национальный идентификационный номер и (или) международный идентификационный код (ISIN) в случае если ценные бумаги были выпущены в соответствии с законодательством иностранного государства), присвоенный ценным бумагам	KZP02Y05F314
		бағалы қағаздарға берілген (ұлттық сәйкестендіру нөмірі және (немесе) бағалы қағаздар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған жағдайда халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN)) сәйкестендіру коды	
3.	1	валюта выпуска облигаций	KZT - Тенге
		облигацияларды шығару валютасы	KZT
	2	номинальная стоимость облигаций, в валюте выпуска	1 000,00
		облигациялардың номиналды құны, шығарылым валютасында	
	3	срок обращения облигаций, месяцы	60
		облигацияларды айналымға енгізу күні, айы	
4.		сканированная копия проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг акционерного общества	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (измененный) проспекта выпуска ЦБ"
		акционерлік қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектінің сканерленген көшірмесі	Электрондық есептілікке құжаттың сканерленген көшірмесі қосымша беріледі (қоса тіркеледі)
5.	1	Было ли получено акционерным обществом разрешения Национального Банка Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган) на выпуск и (или) размещение эмиссионных ценных бумаг на территории иностранного государства?	нет
		Ақционерлік қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (әрі қарай - уәкілетті орган) эмиссиялық бағалы қағаздарды шетелдік мемлекет аумағында шығару және (немесе) орналастыру жөнінде рұқсат алынды ма?	Жоқ

Председатель Правления:  Ибрагим Каныш Темиртаевич

Исп. Алиев Ринат Фаридович
Тел. +7 7172 592871 (вн. 2552)

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың екінші шығарылым ПРОСПЕКТІСІ



Толық атауы: «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқаша атауы: «ҚазАгроҚаржы» АҚ.

Уәкілетті органның беймемлекеттік облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі, проспектіде көрсетілген облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болсын бір ұсыныстарды беруі деген мағынаны білдірмейді және осы құжатта берілген ақпараттың растығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары мұнда берілген барлық ақпарат сенімді болып табылатынын және эмитент пен оның орналастырған облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушылық орган мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 13438 нөмірімен тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қаржы биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушылық орган мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабы 2-тармағындағы өзгертулерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпаратты пайда болған сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 13438 нөмірімен тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушылық органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының қаулысымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы және ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы жеткізеді.

Астана қ., 2016 ж.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады және аталмыш облигациялық бағдарламада екінші болып табылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер.

1)	Облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелу күні және нөмірі:	екінші облигациялық бағдарлама проспектісі 2016 жылғы 09 маусымда тіркелген, екінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелу нөмірі F31
2)	Шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:	100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге
3)	облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:	осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші болып табылады
4)	Облигациялық бағдарлама шегінде барлық бұрынғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (аталмыш облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша бөлек), соның ішінде: облигациялар шығарылымының уәкілетті органда тіркелген күні; атаулы құн бойынша шығарылым көлемі; орналастырылған шығарылым облигацияларының саны:	Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың бірінші шығарылымы: <ul style="list-style-type: none"> • шығарылым тіркелген күн: 2016 жылғы 20 шілде; • облигациялар саны: 30 350 000 (отыз миллион үш жүз елу мың) дана; • облигациялар түрі: қамтамасыз етусіз купондық облигациялар; • атаулы құн бойынша шығарылым көлемі: 30 350 000 000 (отыз миллиард үш жүз елу миллион) теңге; • орналастырылған облигациялар саны: жоқ

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет.

1)	облигациялар түрі:	қамтамасыз етусіз купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).
2)	бір облигацияның атаулы	1 000 (бір мың) теңге

	құны (егер бір облигацияның атаулы құны индекстелген шама болып табылатын болса, онда қосымша бір облигацияның атаулы құнын есептеу тәртібі көрсетіледі)	
3)	Облигациялар саны:	8 000 000 (сегіз миллион) дана.
4)	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге атаулы құн бойынша.
5)	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылатын болса, онда қосымша облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі көрсетіледі):	купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі Облигациялардың барлық айналу мерзімі ішінде тиянақталған болып табылады және Облигациялардың атаулы құнының 15 % құрайды.
	облигациялар бойынша сыйақы есептеле бастайтын күн:	Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялардың айналу мерзімі басталған күннен есептеле бастайды. Сыйақы Облигациялардың барлық айналу мерзімі ішінде есептеледі және Облигациялардың айналу мерзімінің соңғы күні аяқталады.
	сыйақы төлеу дүркінділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күндері:	Облигациялар бойынша сыйақының төленуі Облигациялардың бүкіл айналу мерзімі ішінде Облигациялардың айналу мерзімі басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай өткен сайын жылына 2 (екі) рет жүзеге асырылады.
	облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:	сыйақы оны алу құқығына ие және сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басына Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (уақыт бойынша Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жерде). Сыйақының төленуі сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ақшаны теңгемен Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Облигацияларды ұстаушылар тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басына белгіленеді. (уақыт бойынша Эмитенттің тіркеушісі

		<p>орналасқан жерде).</p> <p>Төлеуге жататын купондық сыйақы атаулы күн мен купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеліп шығарылады. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Ақырғы сыйақы Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасымен бірге бір уақытта төленеді.</p>
	сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Облигациялар бойынша сыйақының төленуі бүкіл айналым мерзімі ішінде бір жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айдағы 30 (отыз) күн уақыт базасы есебімен жүргізілетін болады
б)	атаулы күн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы төлемдерінің валютасы:	<p>атаулы күн валютасы қазақстандық теңге болып табылады.</p> <p>Барлық төлемдер (сыйақы мен негізгі борыш сомасының төлемдері) Эмитентпен қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болса, Облигациялар бойынша сыйақы теңгемен төленеді.</p> <p>Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлеу күнінің алдында 5 (бес) жұмыс күн ішінде тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, төлемақы төлеу кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе евро) айырбастауға рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлемақы жасалатын күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгенің басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе евро) айырбасталуы Облигацияларды ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемдер жасау кезінде теңгені АҚШ доллары мен еуродан басқа өзге валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.</p> <p>Айырбастау кезінде туындайтын Эмитенттің шығыстары Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын</p>

		сомадан ұсталып қалатын болады.
7)	облигацияларды орналастыру басталған және аяқталған күн:	Облигациялардың айналу мерзімі басталған күн және соған сәйкес, Облигациялардың айналу мерзімінің соңғы күні Облигацияларды орналастыру басталған және аяқталған күндер болып табылады.
8)	Облигациялардың айнала бастаған күні және облигациялардың айналыс мерзімі:	<p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын Облигацияларды орналастыру бойынша өткен алғашқы мамандандырылған сауда-саттықтар жүргізілген күн Облигациялардың айналу мерзімінің басталған күні болып табылады бұдан әрі – «Алғашқы өткізілген сауда-саттық»).</p> <p>Облигациялардың айналу мерзімінің басталу күні туралы ақпаратты Эмитент Эмитенттің интернет-ресурсына www.kaf.kz және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсына www.kase.kz. жариялайтын болады. Облигациялардың айналу мерзімі Облигациялардың айналу мерзімі басталған күннен бастап 5 жыл кұрайды.</p>

9)	облигациялардың айналымы жоспарланған нарық, (бағалы қағаздардың ұйымдасқан және (немесе) ұйымдаспаған нарығы:	Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында да, ұйымдаспаған нарығында да айналатын болады.
10)	орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:	Облигациялардың ақысы ақшамен қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы орналастырылатын болады, Облигациялардың ақысы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі тәртіптеріне сәйкес жүзеге асырылады.
11) облигацияларды өтеу тәртібі:		
	облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар Облигациялардың айналу мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.
	облигацияларды өтеу шарттары:	<p>Облигациялардың айналу мерзімінің соңғы күніндегі жағдай бойынша ақшаны Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына (теңгемен) аудару арқылы Облигациялардың айналу мерзімінің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ақырғы купондық сыйақыны бір уақытта төлей отырып, Облигациялар Облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі.</p> <p>Егер Эмитент тиісті төлем күнінен бұрын 5 (бес) жұмыс күннен кешіктермей Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, Төлемақы жасау кезінде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ долларына немесе евроға) айырбастауға рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлемақы жасалатын күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгенің басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе евро) айырбасталуы Облигацияларды ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың – Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жүргізу кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.</p> <p>Айырбастау кезінде туындайтын Эмитенттің шығыстары Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын</p>

		<p>сомадан ұсталып қалатын болады.</p> <p>Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын (орындар): Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Кенесары көшесі, 51, кк-4.</p>
	<p>облигацияларды өтеу тәсілі:</p>	<p>негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.</p>
<p>12)</p>	<p>эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу құқығы (егер бұл құқық эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), аталмыш құқықты іске асыру тәртібін, шарттарын және мерзімін көрсете отырып, егер эмитент органының шешімімен облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығы көзделген болса, онда аталмыш құқықты іске асыру шарттары мен мерзімі көрсетіледі:</p>	<p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын олардың бүкіл айналым мерзімі ішінде ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықтарда өтеуін төлеп алуға құқылы.</p> <p>Облигацияларды өтеуін төлеп алу бағасы Эмитентпен анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мәміле жасасу күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қалыптасып қалған нарықтық құнға сүйене отырып, бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мәміле жасасқанда; • бағалы қағаздардың ұйымдаспаған нарығында мәміле жасасқанда – мәміле тараптарының келісімі бойынша. <p>Өтеуін төлеп алған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитентпен қайта өткізілуі мүмкін.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз Облигацияларымен мәміле жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзуға әкеліп соқпауға тиісті.</p> <p>Директорлар кеңесі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларымен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік</p>

		<p>депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте Облигацияларды ұстаушылардың өкілін хабарландыру арқылы, сондай-ақ Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына www.kaf.kz, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсына www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz хабар орналастыру арқылы Эмитент барлық Облигацияларды ұстаушыларға Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша қабылданған шешім туралы хабарландыратын болады.</p> <p>Орналастырылған (өтеуін төлеп алынған облигацияларды шегеріп тастағанда) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес ашады.</p>
13)	<p>облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және басқа да қамтамасыз етілген облигациялар шығарылғанда):</p> <p>қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;</p> <p>кепілге салынатын зат, оның құны және кепілге салынатын затқа өндіріп алу айналысын қолдану тәртібі - қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда;</p> <p>облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарт талаптары;</p> <p>кепілдіктің атауын, орналасқан жерін, мерзімі мен шарттарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейлі банктің деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе):</p>	<p>Аталмыш шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.</p>
14)	<p>Концессия шартының және мемлекеттің кепілгерлігін беру туралы Қазақстан</p>	<p>Аталмыш шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды</p>

<p>Республикасы Үкіметі қаулысының деректемелері – инфрақұрылымдық облигациялар шығарылғанда:</p>	
--	--

4. Ақысы эмитенттің бұрын шығарған, айналым мерзімі өтіп кеткен облигациялар бойынша талап қою құқығымен төленетін облигациялар шығарылғанда, қосымша аталмыш облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы көрсетіледі:

Облигациялардың ақысы талап қою құқығымен төленбейтін болады.

5. Айырбасталатын облигациялар шығарылғанда, қосымша келесі мәліметтер көрсетіледі:

<p>1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, мұндай акциялар бойынша құқықтар:</p>	<p>Аталмыш шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады</p>
<p>2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде облигациялар шығарылымының күші жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмайтын болса, аталмыш шығарылымның өтеуін төлеп алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналым мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі):</p>	<p>Аталмыш шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады</p>

6. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәлімет

<p>1) облигацияларды ұстаушылар</p>	<p>Толық атауы: «Сентрас Секьюритиз» акционерлік</p>
--	--

	өкілінің толық және қысқаша атауы:	қоғамы Қысқартылған атауы: "Сентрас Секьюритиз" АҚ
2)	облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары:	Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Манас көшесі, 32а, "Sat" бизнес-орталығы, 2-ші қабат, 201 офис; Телефоны: (727) 259 88 77 ішкі 700;
3)	эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі:	2016 жылғы 29 тамыздағы №29.08.2016 Облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт

7. Төлем агенті туралы мәлімет (егер болса)

1)	төлем агентінің толық және қысқаша атауы:	Эмитент сыйақы төлеу мен Облигацияларды өтеуді өз бетімен төлем агентінің көрсететін қызметін пайдаланусыз жүзеге асырады.
2)	төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары:	Эмитент сыйақы төлеу мен Облигацияларды өтеуді өз бетімен төлем агентінің көрсететін қызметін пайдаланусыз жүзеге асырады.
3)	эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі:	Эмитент сыйақы төлеу мен Облигацияларды өтеуді өз бетімен төлем агентінің көрсететін қызметін пайдаланусыз жүзеге асырады.

8. Эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және эмиссиялық бағалы қағаздардың бұл тізімде болу мәселелері бойынша кеңес беру қызметін көрсететін ұйым туралы мәлімет:

1)	облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және облигациялардың осы тізімде болу мәселесі бойынша кеңес беру қызметін көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы:	толық атауы: «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің Еншілес Ұйымы» акционерлік қоғамы Қысқаша атауы: «Halyk Finance» АҚ
2)	эмитенттің облигацияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және облигациялардың осы тізімде болу мәселесі бойынша кеңес беру қызметін көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары:	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19/1, 6 қабат, тел.: +7 (727) 244-65-40.

<p>3) эмитенттің оның облигацияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның облигацияларының осы тізімде болу мәселесі бойынша кеңес беру қызметін көрсететін тұлғамен жасасқан шарттың күні мен нөмірі:</p>	<p>Қызметтің көрсетілуі қаржы кеңесшісінің және андеррайтердің қызметін көрсету туралы 2016 жылғы 31 тамыздағы № 07-1/06 шарттың негізінде жүзеге асырылады.</p>
---	--

9. Облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары, соның ішінде:

- Облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімде Облигацияларды өтеу кезінде атаулы құнды алу құқығы;
- Облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімде Облигациялар бойынша тиянақталған купондық сыйақы алуға;
- Облигацияларды еркін сатуға және басқаша оларға түрде иелік етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға құқық, соның ішінде Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабымен көзделген облигацияларды өтеуін төлеп алу үшін негіздеме пайда болған жағдайда, сондай-ақ Эмитент осы проспектінің 11 тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап ету құқығы.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабымен көзделген облигацияларды өтеуін төлеп алу үшін негіздеме пайда болған жағдайда, сондай-ақ Эмитент осы проспектінің 11 тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитенттің орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алу тәртібі.

Эмитенттің «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабымен көзделген облигацияларды өтеуін төлеп алуы үшін негіздеме пайда болған жағдайда, сондай-ақ Эмитент осы проспектінің 11 тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда (бұдан әрі – **«Оқиғалар»**), Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың өкілін хабарландыру арқылы (оқиғаның басталуы Облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасалған шарттың бұзылған немесе әрекетінің тоқтаған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспау себебінен болған жағдайды қоспағанда), сондай-ақ Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына www.kaf.kz, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсына www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz хабар орналастыру арқылы мұндай фактілер туралы Облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды, соның ішінде мынадай ақпараттарды

қосқанда:

- ✓ Эмитенттің Облигацияларын өтеуін төлеп алуға әкелетін, аталған оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат;
- ✓ Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы Эмитентке талап қойып өтініш жасау тәртібі мен мерзімін қосқанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарын атау;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша, Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарымен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен көзделген тәртіпте және мерзімде өзге ақпаратты.

Эмитенттің «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабымен көзделген облигацияларды өтеуін төлеп алуы үшін негіздеме пайда болған жағдайда, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкес бағамен немесе Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен, қай шама анағұрлым үлкенірек болып табылатынына қарай, Эмитент орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент осы проспектінің 11 тарауында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкес бағамен немесе Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен, қай шама анағұрлым үлкенірек болып табылатынына қарай, орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.

Облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделгеннен басқа жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуы көзделмеген.

Облигацияларды ұстаушы осы тармақпен көзделген Облигацияларды өтеуін төлеп алу үшін негіздеменің пайда болу фактісі туралы ақпарат алғашқы жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің атына өзіне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініш жолдауға құқылы.

Облигацияларды ұстаушы қажетті барлық деректемелерді көрсете отырып, өзіне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы ерікті нысанда өтініш беруге тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестіндіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, күні және берген органы; заңды мекен-жайы мен нақты тұратын жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияны ұстаушының тегі, аты және, егер болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және оны берген орган; тұратын жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы алғашқы өтініш алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдайды.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Облигацияларды ұстаушылардың назарына шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш)

жұмыс күн ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында www.kaf.kz және/немесе Эмитенттің жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсына www.kase.kz, Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсына www.dfo.kz ақпарат орналастыру арқылы жеткізілетін болады.

Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеуін төлеп алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімі жарияланғаннан кейін, 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде, бірақ Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды төлеуін өтеп алу туралы жазбаша өтініш алынған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу төлеуге жататын соманы Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банк шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабымен көзделген облигацияларды өтеуін төлеп алу үшін негіздеме пайда болған жағдайда, сондай-ақ Эмитент осы проспектінің 11 тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Облигацияларды өтеуін төлеп алу процедурасы тек Облигацияларды ұстаушылардың берген жазбаша өтініштерінің негізінде ғана жүргізілетін болады. Өтеуін төлеп алуға өтініш тапсырмаған Облигацияларды ұстаушылар Облигациялар шығарылымының проспектісінде көрсетілген айналым мерзімі аяқталған бойда өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

- Облигацияларға деген меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

Сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу ақшамен жүзеге асырылатын болады.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.

10. Басталған кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) басталған кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалардың тізбесі:	Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Басталған кезінде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – « Дефолт оқиғасы »), осы проспектімен көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған бойда Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмауы.
---	---

<p>2) облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқығын қорғау процедурасын бірге қосқанда, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:</p>	<p>Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде, Эмитент мұндай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына әрбір кешіктірген күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлемақы жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін өсімақыны есептеп, төлеуге міндетті.</p> <p>Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде (бұдан әрі – «Мерзімін ұзарту кезеңі») Эмитенттің тиісті органы барлық Облигацияларды ұстаушылардың құқығын қамтамасыз ету мақсатында, Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітуге тиісті, ал Эмитент аталған іс-шаралар жоспарына сәйкес, Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін барлық қисыны бар шараларды қолдануға міндетті.</p> <p>Егер 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткен соң, Эмитент Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жоймаса, сондай-ақ Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша міндеттемені толық көлемде орындамаса, Эмитенттің облигацияларды ұстаушылары немесе облигациялардың айналу мерзімі аяқталғаннан кейін Облигациялар бойынша талап қою құқығына ие тұлғалар Облигациялардың айналу мерзімі аяқталған жағдайда, Мерзімін ұзарту кезеңінің ақырғы күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 (он) жұмыс күн ішінде жинақталған купондық сыйақыны есепке ала отырып, Эмитентке тиісті жазабаша талап қою арқылы Облигациялардың атаулы құнына сәйкес баға бойынша оларға тиесілі Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқығын өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.</p> <p>Айналу мерзімі аяқталған жағдайда, оларға тиесілі Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқығын өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талап ұсынған, сондай-ақ мұндай жазбаша талап ұсынбаған Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы Эмитенттің міндеттемелерді орындауы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау,</p>
--	---

		<p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Эмитентті жауапкершіліктен босату шарттары</p> <p>Эмитент өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамаған үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжап білуге немесе оны болдырмауға мүмкін болмаған жағдайларды айтады (мыналарды қосқанда, бірақ олармен шектелмей: апат құбылыстары, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері). Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамаластырыла отырып ұзартылады.</p>
<p>3)</p>	<p>Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы, міндеттемелердің орындалмау себебі туралы, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін атау туралы, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың талаппен эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілікті немесе біріккен жауапкершілікті көтеретін тұлғаға жүгіну тәртібі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:</p>	<p>Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға мұндай ақпарат түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерімен көзделген мерзімде Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіпте Эмитенттің (www.kaf.kz және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми интернет-ресурстарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсына (www.dfo.kz) хабар орналастыру арқылы Дефолт оқиғасы туралы хабарлайды. Хабар қамтуға тиісті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • дефолт фактісі туралы ақпаратты; • дефолт басталған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; • Дефолт оқиғасының басталуына алып келген міндеттемелердің орындалмау себебі; • Эмитентке талаппен жүгіну тәртібін және мерзімін бірге қосқанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін атау; • Дефолт оқиғасының туындау себептерін жою үшін Эмитенттің қолданған немесе қолданатын шаралары;

		<ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпараттарды. <p>Поручение иному юридическому лицу раскрытия указанной информации не предусмотрено.</p>
4)	<p>облигациялар бойынша міндеттемелерді эмитент орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілікті немесе біріккен жауапкершілікті көтеретін тұлғалармен жасасқан шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу күні мен нөмірі (мұндай тұлғалар болған жағдайда):</p>	<p>Облигациялар бойынша міндеттемелерді Эмитент орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілікті немесе біріккен жауапкершілікті көтеретін тұлғалар - жоқ.</p>

11. Эмитентпен қабылданатын және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңымен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімімен көзделсе).

<p>Эмитентпен қабылданатын шектеулер (ковенанттар):</p>	<p>Облигациялардың бүкіл айналу мерзімі ішінде эмитент келесі шарттарды орындауға міндетті:</p> <p>1 шектеу (ковенант): Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын беймемлекеттік эмиссиялық бағалар қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;</p> <p>2 шектеу (ковенант): Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын беймемлекеттік эмиссиялық бағалар қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептердің тапсырылу мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге.</p>
<p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда эмитенттің және облигацияларды ұстаушының қолданатын іс-қимылдарының тәртібі:</p>	<p>Эмитент аталған шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың қолданатын іс-қимылдарының тәртібі осы проспектінің 9 тармағында көрсетілген.</p>

12. Опциондар туралы ақпарат, опционды жасау шарттарын көрсете отырып – егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе.

Опциондар көзделмеген.

13. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңінің қиындысында сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаттары көздерінің және ағындарының болжамы.

Сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті ақша қаражаттары көздерінің және ағындарының болжамы осы проспектіге қоса тіркелген № 1 қосымшада берілген.

14. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану.

1)	эмитент облигацияларды орналастырудан алған ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі:	аталмыш шығарылымның Облигацияларын орналастырудан алынған қаражаттарды лизинг заттарын сатып алуға, клиенттерге қарыз беруге, берешекті қаржыландыруға/қайта қаржыландыруға, тиісті қарыз шарттарының талаптарына сәйкес басқа міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуге, негізгі құралдарды сатып алуға, жөндеуге және жаңартуға, әкімшілік-шаруашылық қажеттіліктерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мақсаттарға жұмсау жоспарланып отыр.
2)	басталуы кезінде алынған ақшаның жоспарлы бөлінуінде өзгерістердің болуы ықтимал жағдайлар, мұндай өзгерістер көрсетіле отырып:	Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаның жоспарлы бөлінуінде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындаған жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте екінші Облигациялық бағдарламаның шегінде Облигациялардың екінші шығарылымының проспектісіне тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.
3)	инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде облигацияларды ұстаушылар өкілімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес оның көрсеткен қызметіне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:	Аталмыш шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

15. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарғанда көрсетілетін мәліметтер:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

16. Секьюриттеу кезінде арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылғанда көрсетілетін мәліметтер:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

Басқарма Төрағасы



Избастин К.Т.

Бас бухгалтер

Шоданова Г.Т.

[Handwritten signatures in blue ink]

№1 қосымша

3-1. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңінің қиындысында сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті Эмитенттің ақша қаражаттары көздерінің және ағындарының болжамы.

Атаулы құн бойынша сыйақының төленуі және негізгі борыш сомасының өтелуі Эмитенттің өз қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент әрбір кезең бойынша негізгі қызмет түрінен түсетін түсімдердің сомасы негізгі борышты өтеуге және міндеттемелерді орындауға жеткілікті болады деп сенеді.

Төменде Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңінің қиындысында Эмитенттің ақша ағындарының болжамы берілген:

Көрсеткіштердің атауы	2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл	
	1 ж/жылдық	2 ж/жылдық	1 ж/жылдық	2 ж/жылдық	1 ж/жылдық	2 ж/жылдық	1 ж/жылдық	2 ж/жылдық	1 ж/жылдық	2 ж/жылдық
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ										
1. Ақша қаражаттарының түсімі, барлығы	33 335 658	33 335 658	37 293 028	37 293 028	38 363 250	38 363 250	38 995 025	38 995 025	40 653 405	40 653 405
соның ішінде:										
тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу	19 937 478	19 937 478	22 443 283	22 443 283	22 309 756	22 309 756	21 320 436	21 320 436	22 886 744	22 886 744
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	2 716 875	2 716 875	2 852 719	2 852 719	2 995 355	2 995 355	3 145 122	3 145 122	3 302 379	3 302 379
алынған сыйақылар	10 681 305	10 681 305	11 997 026	11 997 026	13 058 139	13 058 139	14 529 466	14 529 466	14 464 283	14 464 283
2. Негізгі қаражаттардың істен шығуы, барлығы	39 912 052	39 912 052	47 167 175	47 167 175	42 235 351	42 235 351	44 874 946	44 874 946	45 463 501	45 463 501
соның ішінде:										
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін жеткізушілерге төленетін төлемдер	32 117 227	32 117 227	38 522 852	38 522 852	32 819 347	32 819 347	34 577 937	34 577 937	34 577 937	34 577 937
еңбекке ақы төлеу	1 127 913	1 127 913	1 184 308	1 184 308	1 267 210	1 267 210	1 355 914	1 355 914	1 450 828	1 450 828
сыйақы төлеу	5 689 584	5 689 584	6 433 821	6 433 821	7 050 767	7 050 767	7 766 205	7 766 205	8 177 604	8 177 604
соның ішінде 5-жылдық облигациялар бойынша	600 000	600 000	600 000	600 000	600 000	600 000	600 000	600 000	600 000	300 000
табыс салығы және бюджетке төленетін басқа төлемдер	147 622	147 622	155 003	155 003	165 854	165 854	177 463	177 463	189 886	189 886
басқа төлемақылар	829 706	829 706	871 191	871 191	932 174	932 174	997 426	997 426	1 067 246	1 067 246
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы	-6 576 394	-6 576 394	-9 874 147	-9 874 147	-3 872 102	-3 872 102	-5 879 921	-5 879 921	-4 810 096	-4 810 096

II. ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Ақша қаражаттарының түсімі, барлығы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2. Ақша қаражаттарының істен шығуы, барлығы	100 663	100 663	70 093	70 093	67 610	67 610	74 993	74 993	74 993	74 993
соның ішінде:										
негізгі құралдар мен бейматериалдық активтер сатып алу	100 663	100 663	70 093	70 093	67 610	67 610	74 993	74 993	74 993	74 993
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы	-100 663	-100 663	-70 093	-70 093	-67 610	-67 610	-74 993	-74 993	-74 993	-74 993

III. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Ақша қаражаттарының түсімі, барлығы	29 192 673	29 192 673	30 462 454	30 462 454	24 616 313	24 616 313	26 225 136	26 225 136	26 225 136	26 225 136
соның ішінде:										
қарыз алу	29 192 673	29 192 673	30 462 454	30 462 454	24 616 313	24 616 313	26 225 136	26 225 136	26 225 136	26 225 136
2. Ақша қаражаттарының істен шығуы, барлығы -	22 144 452	22 144 452	18 650 108	18 650 108	20 255 232	20 255 232	19 875 070	19 875 070	16 631 551	24 631 551
соның ішінде:										
қарыздарды өтеу	22 144 452	22 144 452	18 650 108	18 650 108	19 827 881	19 827 881	19 002 251	19 002 251	15 783 955	15 783 955
5-жылдық облигацияларды өтеу	-	-	-	-	-	-	-	-	-	8 000 000
дивиденд төлеу	-	-	-	-	427 351	427 351	872 819	872 819	847 596	847 596
3. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы	7 048 221	7 048 221	11 812 346	11 812 346	4 361 081	4 361 081	6 350 066	6 350 066	9 593 585	1 593 585
4. Ақша қаражаттарының көбеюі +/- азаюы	371 165	371 165	1 868 106	1 868 106	421 369	421 369	395 152	395 152	4 708 495	-3 291 505
5. Есепті кезеңнің басына ақша қаражаттары мен олардың баламасы	3 711 649	4 082 814	4 453 979	6 322 085	8 190 191	8 611 561	9 032 930	9 428 082	9 823 234	14 531 729
6. Есепті жылдың соңына ақша қаражаттары мен оның баламасы	4 082 814	4 453 979	6 322 085	8 190 191	8 611 561	9 032 930	9 428 082	9 823 234	14 531 729	11 240 224

Осы қосымшада берілген Эмитенттің ақша қаражаттары ағындарының болжамы, барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерісін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарауды бірге қосқанда), соттың және төрелік іс қарауларының нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамының өзгерісін және басқа да

нарық жағдайларын бірге қосқанда, жаңылыс болуы мүмкін немесе дәл болып шықпай қалуы мүмкін, сондай-ақ әр түрлі факторларға қарай өзгертуге жататын жорамалдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты болады.

